



Наименование области: город Нур-Султан

Наименование суда: Верховный Суд Республики
Казахстан (Кассационная
инстанция)

Отправитель: Ә Д І Л Х А Н Р Ү С Т Е М
ӘДІЛХАНҰЛЫ

ПИСЬМО

Осы жылдар ішінде, Мен тек Түркістан қалалық судьялардың іс - әрекеттеріне қатысты шағымдар жазуға дағдыландым, ал бүгін алғаш рет сіздерге Қазақстан Республикасының сот жүйесі шын мәнінде бар екеніне зор алғысымды білдіремін және сенемін, Г.А. Торгаева сот құрылымы туралы менің барлық қате түсініктерімді бұзды, Осы сөздің жақсы мағынасында менің барлық үміттерімнен асып түсті.

Дауды шешен бітірмейді, би бітіреді. Түркістан облысы, Түркістан қалалық сотының судьясы Гаухар Алпысбаевнаға азаматтық істі қарау кезінде жоғары кәсібилігі, әділдігі және адамгершілігі үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Әділ биі болмаса - бірлігі кеткен ел ғаріп, қадірін елі білмесе - қайратты туған ер ғаріп.

Азаматтық істі мұқият түсінген, әдепті, парасатты, сауатты, ең бастысы, әділ әрі менің көз алдымда Қазақстан Республикасы сотының беделін танытқан судья Г.А. Торгаеваға өз ризашылығымды білдіргім келеді.

Мұндай судьялар бізге, Қазақстан азаматтарына, сот төрелігіне деген сенімімізді бекіте түсуімізге көмектеседі, ал бұл біздің тарапымыздан берілетін жоғары баға.

«Батамен ел көгереді» демекші, ел батасы мен оның алғысына бөлену сот қауымы үшін аса маңызды. Ізгілікке бөленген жандардың алғыс хаттары лек-легімен Жоғарғы Сот Төрағасының хат қоржынына түсе берсін. Сотқа деген сенімдері нығайып, жүздерін күлкі, жүректерін қуаныш кернеген жандардың хаты алғысқа толы болсын.

Перечень прилагаемых документов:

1. Ж.Қ.Асановқа.docx

Подписал(а) ӘДІЛХАН РҮСТЕМ ӘДІЛХАНҰЛЫ